

22.10.2021 ж. № D00023

Көркем еңбек пәнін оқыту негіздері

МУРСАЛОВ АЙДАР ӘСКЕРБЕКҰЛЫ

ШОҚ. Тарбағатай ауданы Шорға ауылы

Б.Алтынсарин атындағы орта мектебінің көркем еңбек пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасындағы білім саласында соңғы жылдары жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа ие бола алатын мамандарды даярлап, бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады. Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейімді, өзіндік ой- талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Білім беру жаңаша ұйымдастыру – оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Осы орайда білім саласындағы кез келген пән, қандай ортада болмасын өзінің айтар ойы, өмірге деген көзқарасы, нақты жеке тұлғаны қалыптастыруға өзіндік үлес қосары анық.

Мектептер мен өзге де білім беру ошақтарында оқытылатын көркем еңбек пәні мен пәндік қолөнер үйірмелері оқушының жеке басының дамуында маңызды рөл атқаратыны баршамызға белгілі. Көркем еңбек сабақтарында оқытылатын сәндік-қолданбалы өнері оқушылардың қызығушылық шеңберін кеңейтуге, эстетикалық тәрбие беруге, ойлау қабілеттерін арттыруға, өнерді түсіне білуге, суретшілік қабілеттерін дамытуға елеулі септігін тигізеді. Көркем еңбек сабақтарында оқушыларда өнер сүйгіштік, талғампаздық, ұқыптылық, төзімділік, ізденімпаздық, еңбекқорлық қасиеттері пайда болады. Қолданбалы өнермен айналысу барысында оқушылар қоршаған әлемнің таңғажайып көрінісі мен табиғат сұлулығын мата, былғары, ағаш, киіз, қаңылтыр, тас, тері, былғары және тағы да басқа материал беттеріне түсіруді үйренеді.

Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі, болашағы бүгінгі жас ұрпақтың сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оның сонау ерте замандағы ата-бабалар дәстүрі, әдеп-ғұрпы, мәдениетімен сабақтастыра отырып, халықтың қолөнерін сақтап қалуға тәрбиелеу- ұлағатты ұстаздардың бүгінгі абыройлы борышы десек артық айтпаған болар едік. Оқыту процесі дидактикалық жүйелер деп аталатын психологиялық тұжырымдамаларға негізделеді. Дидактикалық жүйе оқытудың мақсатына жетуге қызмет ететін, біртұтас құрылымды жасайтын элементтер жиынтығын құрайды.

Жүйенің сипаттамасы мақсаттың, білім мазмұнының, дидактикалық процестердің, оқытудың әдістері, құралдары, формаларының және оның ұстанымдарының сипаттамаларына сәйкес. Психологиялық ерекшеліктер оқыту мен тәрбиенің мазмұнын тікелей байланыстырады, сондықтан олар белгілі-бір ұстанымдарға негізделі отырып іске асырылады.

Көркем еңбек пәнін оқыту барысында қолданылатын дидактикалық ұстанымдар: тәрбиелеу, ғылымилық, саналылық пен белсенділік, түсініктілік пен шамаға лайықтылық, білімнің берік болуы, көрнектілік, жан-жақты даму, теорияны практикамен байланыстыру және жүйелілік пен бірізділік ұстанымдары. Тәрбиелеу принципі – оқыту процесі сияқты, тәрбиелеудің де маңызы өте зор. Балаларды оқыта отырып тәрбиелеу ол барлық білім беретін орындары ұстанатын қағида. Тәрбиелік принципіне сүйене отырып, көркем еңбек пәнінің мұғалімі оқушыларды тек қана дағдысы мен икемін қалыптастырып қоймай, сонымен қатар түсініктерін, заңдарды, терминдерді және әрбір оқулық тапсырмаларын кеңінен және жан-жақты қарастырады.

Сонымен қатар сабақта мұғалім баланың эстетикалық тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Ғылымилық принципі – көркем еңбек сабағында мұғалімнің оқушыларға беретін әрбір түсініктемесі, мағлұматы, тапсырмалары мен дағдылары ғылыми түрде дәленденген, көз жеткізген және расталған болу керек. Декоративтік және тақырыптық тапсырмада қазақтың ұлттық сәндік-қолданбалы өнері туралы әңгімелесу барысында оқушыларға беретін барлық түсініктемесі, мағлұматы расталған, теориялық негізделген және сарамандық түрде тексерілген болу керек.

Саналылық пен белсенділік принципі- түпкі негіздің дұрыстығын көрсетеді. Алған білімді ой елегінен өткізбейінше білім алу мүмкін емес, міне осыдан барып саналылық принципі шығады. Білімді белсенді қабылдап, ой елегінен өткізсе, балалар білімді дұрыс қабылдайды.

Сабақтың соңында оқушылардың жасаған бұйымдарын қорытындылағанда бір-бірінің жұмысының дұрыстығын өз беттерінше анықтай алатындай мүмкіндік беру керек. Түсініктілік пен шамаға лайықтылық принципі оқушылардың ерекшелігін білумен байланысты. Түсініктілік принципі – нені оқытсаң да, не үйретсең де, түсінікті, жас ерекшелігіне сай оқыт деген сөз. Яғни оқытудың жеңіл болуы, ойлау белсенділігін төмендетеді.

Сонымен қатар ынтасын нашарлатады. Шамадан тыс қиындық та табысқа жетелемейді. Сондықтан жеңілден ауырға, белгіліден белгісізге, жақыннан алысқа қарай оқытуды ұйымдастырған дұрыс. Егер оқыту оқушының шамасына сай болса, таным белсенділігін арттырып, жалпы дамуын шапшаңдатады. Білімнің берік болу принципі білімді орнықты меңгеру деген сөз. Жаңа материалды түсіндіру және оны бекіту кезінде басты мәселені ерекше атап көрсету керек.

Үйге берілетін немесе сыныпта орындалатын тапсырма сол жаңа білімді меңгеруге байланысты қайталау, жаттығу жұмыстары болу керек. Ұмытшақтыққа қарсы күрес-қайталау. Қайталау білімді берік етеді. Көрнектілік принципі – нені оқытсаң да көзбен көрсетіп оқыт деген сөз. Көрнектілік принципі оқу процесінің дамуында негізгі рөл атқарады. Бұл принцип баланың танымдық қабылдауын арттырады. Олар құлақпен естігеннен гөрі, көзбен көргенін жақсы қабылдайды.

Көрнектілік – бұл әр түрлі заттарды, материалдарды, құралдарды, сызба-суреттерді, эскиздерді, тәжірибелерді көрнекті көрсету. Көрнекі құралдарды пайдалану оқу материалын қабылдауда бағалы құрал болып саналады. Көрсету барысында баланың ақпаратты қабылдауына ықпал ететін психологиялық шарттарды ескерген жөн. Жан-жақты даму принципі-оқушылар шығармашылық қабілетін сабақтан тыс үйірмелерде, қосымша сабақтарда, түрлі конкурстар мен сайыстарға қатысу барысында, үй жағдайында да толығымен дамыта алады.

Теорияны практикамен байланыстыру принципі – бұл тек принцип қана емес емес, оқыту мен тәрбиелеудің негізгі заңы болып табылады. Оқытудың өмірмен байланысы мектептегі оқу-тәрбие жұмысының барлық саласында іске асуда. Барлық теориялық материал, оқушыларға оларды практика жүзінде дұрыс орындаулары үшін беріледі. Қазіргі теория оқушыларды өмірге даярлаумен тығыз байланысты. Олар: өндірістік экскурсиялар, зертханалық және сарамандық жұмыстар. Жүйелілік пен бірізділік принципі. Бұл жүйелеп, белгілі бір реттілікпен оқыту деген сөз. Оқу материалы жүйелі түрде берілсе ғана, оқушыға өз пайдасын тигізе алады.

Ұлттық мемлекетіміздің ертеңі, болашағы бүгінгі жас ұрпақтың сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оның сонау ерте замандағы ата-бабалар дәстүрі, әдеп-ғұрпы, мәдениетімен сабақтастыра отырып, халықтың қолөнерін сақтап қалуға тәрбиелеу- ұлағатты ұстаздардың бүгінгі абыройлы борышы десек артық айтпаған болар едік.

Осы орайда ұлы ойшыл Уильям Уордтың ой-толғауы еске түседі. Ол: «Жай мұғалім – хабарлайды, жақсы мұғалім – түсіндіреді, керемет мұғалім – көрсетеді, ал ұлы мұғалім – шабыттандырады» деген еді.

22.10.2021 ж. № D00026

Мыс.Мырыш.Күміс. Химиялық қасиеттері және қосылыстары

МАҚАШЕВА НУРСУЛУ АМАНКЕЛЬДИНОВНА.

Ақтөбе облысы. Ақтөбе қаласы. Благодар орта мектебінің химия- биология пәні мұғалімі.

Мысал 1. Келесі химиялық өзгерістер тізбегін іске асыратын реакциялар теңдеулерін жазыңыздар: $\text{Cu} \rightarrow \text{Cu(OH)}_2 \rightarrow \text{Cu(NO}_3)_2 \rightarrow (\text{CuOH})\text{Cl} \rightarrow \text{CuCl}_2 \rightarrow (\text{CuOH})\text{NO}_3$

Шешуі: 1. а) $\text{Cu}^0 + \text{Cl}_2^0 \xrightarrow{t} \text{Cu}^{+2}\text{Cl}_2^{-1}$

$\text{Cu}^0 - 2e \rightarrow \text{Cu}^{+2}$ 2 1 Тотықсыздандырғыш, тотығу

$\text{Cl}_2^0 + 2e \rightarrow 2 \text{Cl}^{-1}$ 1 Тотықтырғыш, тотықсыздану

б) $\text{CuCl}_2 + 2\text{KOH} \rightarrow \text{Cu(OH)}_2 \downarrow + 2\text{KCl}$

$\text{Cu}^{2+} + 2\text{OH}^- \rightarrow \text{Cu(OH)}_2 \downarrow$.

2. $\text{Cu(OH)}_2 + 2\text{HNO}_3 \rightarrow \text{Cu(NO}_3)_2 + 2\text{H}_2\text{O}$

$\text{Cu(OH)}_2 + 2\text{H}^+ \rightarrow \text{Cu}^{2+} + 2\text{H}_2\text{O}$.

3. а) $\text{Cu(NO}_3)_2 + 2\text{KOH} \rightarrow \text{Cu(OH)}_2 \downarrow + 2\text{KNO}_3$

$\text{Cu}^{2+} + 2\text{OH}^- \rightarrow \text{Cu(OH)}_2 \downarrow$;

б) $\text{Cu(OH)}_2 + \text{HCl} \rightarrow (\text{CuOH})\text{Cl} + \text{H}_2\text{O}$

$\text{Cu(OH)}_2 + \text{H}^+ \rightarrow \text{CuOH}^+ + \text{H}_2\text{O}$

4. $(\text{CuOH})\text{Cl} + \text{HCl} \rightarrow \text{CuCl}_2 + \text{H}_2\text{O}$

$\text{CuOH}^+ + \text{H}^+ \rightarrow \text{Cu}^{2+} + \text{H}_2\text{O}$

5. а) $\text{CuCl}_2 + 2\text{KOH} \rightarrow \text{Cu(OH)}_2 \downarrow + 2\text{KCl}$

$\text{Cu}^{2+} + 2\text{OH}^- \rightarrow \text{Cu(OH)}_2 \downarrow$;

б) $\text{Cu(OH)}_2 + 2\text{HNO}_3 \rightarrow (\text{CuOH})\text{NO}_3 + \text{H}_2\text{O}$

$\text{Cu(OH)}_2 + \text{H}^+ \rightarrow \text{CuOH}^+ + \text{H}_2\text{O}$

Мысал 2. Келесі химиялық өзгерістер тізбегін іске асыратын реакциялар

теңдеулерін жазыңыздар: $\text{Cu} \rightarrow \text{CuS} \rightarrow \text{CuO} \rightarrow \text{Cu} \rightarrow \text{Cu(NO}_3)_2 \rightarrow \text{CuO} \rightarrow$

Cu(OH)_2 **Шешуі: 1.** $\text{Cu}^0 + \text{S}^0 \rightarrow \text{Cu}^{+2}\text{S}^{-2}$

$\text{Cu}^0 - 2e \rightarrow \text{Cu}^{+2}$ 2 1 Тотықсыздандырғыш, тотығу

$\text{S}^0 + 2e \rightarrow 2\text{S}^{-2}$ 1 Тотықтырғыш, тотықсыздану

2. $2 \text{CuS}^{-2} + 3\text{O}_2 \rightarrow 2\text{CuO}^{-2} + 2\text{S}^{+4}\text{O}_2^{-2} \uparrow$.







$\text{S}^{-2} - 6e \rightarrow \text{S}^{+4}$ 12 2 Тотықсыздандырғыш, тотығу

$\text{O}_2^0 + 4e \rightarrow 2\text{O}^{-2}$ 3 Тотықтырғыш, тотықсыздану

3. $\text{Cu}^{-2}\text{O} + \text{H}_2^0 \rightarrow \text{Cu}^0 + \text{H}_2^{+1}\text{O}$

$\text{H}_2^0 - 2e \rightarrow 2\text{H}^+$ 2 1 Тотықсыздандырғыш, тотығу

$\text{Cu}^{+2} + 2e \rightarrow \text{Cu}^0$ 1 Тотықтырғыш, тотықсыздану












Мысал 3. Келесі химиялық өзгерістер тізбегін іске асыратын реакциялар

теңдеулерін жазыңыздар: $\text{Zn} \rightarrow \text{Na}_2\text{ZnO}_2 \rightarrow \text{Zn}(\text{OH})_2 \rightarrow \text{K}_2[\text{Zn}(\text{OH})_4] \rightarrow \text{ZnCl}_2 \rightarrow$

Zn





Шешуі:






Мысал 3. Келесі химиялық өзгерістер тізбегін іске асыратын реакциялар

теңдеулерін жазыңыздар: $\text{Ag} \rightarrow \text{AgNO}_3 \rightarrow \text{O}_2 \rightarrow \text{SO}_2 \rightarrow \text{H}_2\text{SO}_4 \rightarrow \text{Ag}_2\text{SO}_4$

Шешуі:





тотықсыздану

6.

22.10.2021 ж. № D00028






Құрылымы күрделі теңдеулер




ЕРЕСКУЛОВА МАРЖАН САДУАКАСҚЫЗЫ


Түркістан облысы Қазығұрт ауданы С. Рахымов ауылы
Майбұлақ жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Пәні: Математика Бөлімі: Өнер «Әдебиет» Күні:	Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні: Сынып: 3
Сабақ тақырыбы:	Құрылымы күрделі теңдеулер
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	3.2.2.2 2 көбейту мен бөлуге берілген $x:8=9$; $51:x=17$; $23 \cdot x=46$ түріндегі қарапайым теңдеулерді, құрылымы күрделі $x \cdot (25:5)=60$; $(24 \cdot 3):x=6$; $x: (17 \cdot 2)=2$; $k+124:4=465$ түріндегі теңдеулерді шешу
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: көбейту мен бөлуге берілген $x:8=9$; $51:x=17$; $23 \cdot x=46$ түріндегі қарапайым теңдеулерді; құрылымы күрделі $x \cdot (25:5)=60$; $(24 \cdot 3):x=6$; $x: (17 \cdot 2)=2$; $k+124:4=465$ түріндегі теңдеулерді шеше алады Көптеген оқушылар: құрылымы күрделі теңдеулерді шешуді, сол жақ бөлігін қарапайым түрге келтіруді түсіндіру, белгісіз компоненттерді атау, белгісіз компоненттерді табу ережелерін айта алады Кейбір оқушылар: оң жағы да және сол жағы да күрделірек теңдеулерді шеше алады
Бағалау критерийлері	көбейту мен бөлуге берілген $x:8=9$; $51:x=17$; $23 \cdot x=46$ түріндегі қарапайым теңдеулерді; құрылымы күрделі $x \cdot (25:5)=60$; $(24 \cdot 3):x=6$; $x: (17 \cdot 2)=2$; $k+124:4=465$ түріндегі теңдеулерді шешеді. құрылымы күрделі теңдеулерді шешуді, сол жақ бөлігін қарапайым түрге келтіруді түсіндіру, белгісіз компоненттерді атау, белгісіз компоненттерді табу ережелерін айтады. оң жағы да және сол жағы да күрделірек теңдеулерді шешеді.
Тілдік мақсаттар	Оқушылар игереді: Құрылымы күрделі теңдеулер шешуді түсіндіру, сол жақ бөлігін қарапайым түрге келтіру, белгісіз компонентті атау, белгісіз компонентті табу ережесін біледі. Пәндік лексика және терминология: көбейту мен

	<p>бөлуге берілген қарапайым теңдеулер, құрылымы күрделі теңдеулер. Диалог/жазу үшін пайдалы сөздердің жиынтығы Талқылау: –Егер теңдеу күрделендірілген болса, не істеу қажет? –«Өрнекті жеңілдету» дегенді қалай түсінесің? –Құрылымы күрделі теңдеуді қалай тексеруге болады? Жазу: Теңдеуді шешуді және оны тексеруді жазу.</p>	
Құндылықтарды дамыту	Еңбексүйгіштікке баулу, адамгершілікке тәрбиелеу	
Пәнаралық байланыстар	Әдебиеттік оқу, көркем еңбек	
АКТ қолдану дағдылары	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу; аудио жазба,	
Бастапқы білім	Топқа бөлуге арналған парақшалар, интерактивті тақта, жұмыс дәптері, қалам мен түрлі түсті қарындаш, стикер, видеоматериалдар., постер, кері байланыс парағы т.б	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс- әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Психологиялық дайындық Музыкалық серпіліс Топқа бөлу Сөз өнерінің майталмандары, қазақтың билерінің айтқан шешендік сөздері арқылы топқа бөлу. I топ. Төле би ауылы II топ. Қазыбек би ауылы III топ Әйтеке би ауылы Сабақтың мақсатымен таныстыру. Көбейту мен бөлуге берілген қарапайым және құрылымы күрделі теңдеулерді шешіп үйренеміз.</p>	<p>Аудио жазба мр3, Топ атаулары, Нақыл сөздер</p>

<p>Сабақтың ортасы</p> 	<p>Жаңа сабақ. Ұжымдық жұмыс. 1-тапсырма. Есептеулерді орындасаң, балалардың қайсысы кітапханаға неше рет барғанын білетін боласың. Әлия $18 * 2 = 36$ $36 : 12 = 3$ $3 * 20 = 60$ Дәулет $360 : 6 = 60$ $60 : 20 = 30$ $30 * 30 = 900$ Марат $360 : 3 = 120$ $120 : 60 = 20$ $20 * 38 = 760$ Әсел $280 : 10 = 28$ $28 : 2 = 14$ $14 * 10 = 140$ Дескриптор: -амалдарды орындайды Бағалау: мадақтау арқылы</p> <p>2- тапсырма. Теңдеуді қалай шешуге болатынын түсіндір. Оң және сол жақ бағандардағы теңдеулерді салыстыр. Олардан қандай айырмашылық пен ұқсастықты байқауға болады?</p>	<p>Оқулықпен жұмыс</p> <p>Интербелсенді тақта</p> <p>Смайликтер</p>				
	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="491 1115 874 1198">$X * 30 = 210$</td> <td data-bbox="874 1115 1236 1198">$X * (5 * 6) = 210$</td> </tr> <tr> <td data-bbox="491 1198 874 1503"> Теңдеуді шешеміз: $X * 30 = 210$ $X = 210 : 30$ $X = 7$ $7 * 30 = 210$ $210 = 210$ </td> <td data-bbox="874 1198 1236 1503"> $X * (5 * 6) = 210$ $X * 30 = 210$ $X = 210 : 30$ $X = 7$ $7 * 30 = 210$ $210 = 210$ </td> </tr> </table>	$X * 30 = 210$	$X * (5 * 6) = 210$	Теңдеуді шешеміз: $X * 30 = 210$ $X = 210 : 30$ $X = 7$ $7 * 30 = 210$ $210 = 210$	$X * (5 * 6) = 210$ $X * 30 = 210$ $X = 210 : 30$ $X = 7$ $7 * 30 = 210$ $210 = 210$	  
$X * 30 = 210$	$X * (5 * 6) = 210$					
Теңдеуді шешеміз: $X * 30 = 210$ $X = 210 : 30$ $X = 7$ $7 * 30 = 210$ $210 = 210$	$X * (5 * 6) = 210$ $X * 30 = 210$ $X = 210 : 30$ $X = 7$ $7 * 30 = 210$ $210 = 210$					
	<p>Мұндай теңдеулерді шешу үшін қосымша есептеулерді орындап, алдымен оларды ықшамдап алу қажет.</p> <table border="1"> <tr> <td data-bbox="507 1675 874 1720"></td> <td data-bbox="874 1675 1236 1720"></td> </tr> </table> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • құрылымы күрделі теңдеулерді ықшамдайды; • теңдеудің түбірін табады • кестеден тыс жағдайда көбейту мен 			<p>қосымша</p> <p>Тапсырма парақшасы</p> <p>Бағдаршамдар</p>		

	<p>бөлуді ауызша орындайды Бағалау: смайликтер арқылы 3-тапсырма. Топтық жұмыс.</p> <p>I топ III топ $X \cdot (25:5) = 350$ $x : (15 \cdot 2) = 3$ $X \cdot 5 = 350$ $x : 30 = 3$ $X = 350 : 5$ $x = 30 \cdot 3$ $X = 70$ $x = 90$ $70 \cdot (25:5) = 350$ $(15 \cdot 2) = 3$ $350 = 350$ $3 = 3$</p> <p>$k + 120 : 4 = 150$ $c \cdot 50 \cdot 2 = 500$ $k + 30 = 150$ $100 = 500$ $k = 150 - 30$ $500 : 100$ $k = 120$ $c = 5$ $120 + 120 : 4 = 150$ $5 \cdot 50 \cdot 2 = 500$ $150 = 150$ $500 = 500$</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • құрылымы күрделі теңдеулерді ықшамдайды; • теңдеудің түбірін табады <p>Бағалау: бағдаршам арқылы Сергіту сәті Тірек-қимыл аппараттары арқылы цифрларды салу. 4-тапсырма</p>	 <p>II топ $(40 \cdot 3) : x = 6$ $120 : x = 6$ $x = 120 : 6$ $x = 20$ $90 :$ $6 = 6$</p> <p>$25 \cdot 5 \cdot x = 450$ $c \cdot$ $c =$ $x = 90$ $25 \cdot 5 \cdot 90 = 450$ $450 = 450$</p> <p>Интербелс енді тақта, тапсырма парақшасы , сандықша</p> <p>Интербелс енді тақта</p> <p>Тапсырма парақшасы</p>  <p>Интербелс енді тақта Тапсырма парақшасы</p>
---	--	---

	<p><i>Жауаптарын сандықтан тап.</i></p> <p><i>A) $12 * 2 = 24$ $12 * 4 = 48$ $350 : 5 = 70$</i> <i>$600 : 300 = 2$ $48 : 2 = 24$ $600 : 20 = 30$</i> <i>$140 : 20 = 7$ $7 * 12 = 84$ $48 : 4 = 12$</i></p> <p>Ә) Осындай 6 мысал құрастыр.</p> <p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> <i>Амалдарды орындайды</i> <i>Жауабын сандықшадан табады</i> <p>Бағалау: бармақ арқылы</p> <p>5-тапсырма:</p> <table border="1" data-bbox="491 728 877 772"> <tr> <td>810</td> <td>:</td> <td>9</td> </tr> </table> <table border="1" data-bbox="491 817 877 862"> <tr> <td>90</td> <td>*</td> <td>5</td> </tr> </table> <table border="1" data-bbox="657 907 798 952"> <tr> <td>450</td> </tr> </table> <p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> <i>Амалдарды орындайды</i> <i>Шешуін табады</i> <i>Жауабын жазады</i> <p>Бағалау: шапалақ арқылы</p> <p>6-тапсырма. Топтық жұмыс.</p> <p><i>Қабырғалары 4 см және 3 см болатын тіктөртбұрыш сыз. Оның периметрі мен ауданын тап.</i></p> <p>7-тапсырма. Жұптық жұмыс.</p> <p><i>Бос орындарды толтыр</i></p> <p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> <i>Белгісіз сандарды анықтайды</i> <i>Амалдарды орындайды</i> <p>Бағалау: мадақтау арқылы</p> <p>Үйге тапсырма: 23-бет. 4 (ә) нұсқасы</p>	810	:	9	90	*	5	450	
810	:	9							
90	*	5							
450									
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>««иә» және «жоқ» ойыны</p> <p>-бөліндінің мәнін тез таңдау үшін, бөлгіштің соңғы цифрына назар аудару керек.</p> <p>-$480:4=140$-қа.</p> <p>-қалдық қашанда бөлгіштен кіші болуы тиіс.</p> <p>-$700:5=100$-ге</p> <p>-тиімді есептеу үшін көбейті мен бөлудің</p>	<p>Интербелс енді тақта</p> <p>Нысана, түйреуіштер</p>							

	қасиеттері қолданылады. 5:8=0 (қалд5) 12*11=132 Кері байланыс «Нысананы таңда» әдісі Жасыл- түсіндім Сары- толық түсінбедім Қызыл-түсінбедім	
--	---	--

22.10.2021 ж. № D00030

**Педагогтың кәсіби құзыреттілігі:
«Мектепке дейінгі білім беру сапасын
дамытудың негізгі шарты мен ресурсы»**

ЖАНБЕКОВА АКМАРАЛ ДОСЫМХАНОВНА

Қостанай облысы Қарасу ауданы «Шолақаша жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің шағын орталық тәрбиешісі

Кілт сөздер: кәсіби құзыреттілік, білім беру сапасы, педагог, мектепке дейінгі мекеме, құзырлы педагог, жасампаз тәрбиеші, жаңару процесі.

Аңдатпа: Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиешілердің кәсіби әрекеті сан қырлы және арнайы білімді, біліктілікті, дағдыны, сапаларды қажет етеді. Қазіргі кездегі педагогикалық әдебиеттерде тәрбиешінің арнайы білімі, біліктілігі, дағдылары мен сапалары «кәсіби құзыреттілік» ұғымымен біріктірілген. Үздіксіз педагогикалық білім беруге байланысты жаңа әлеуметтік тапсырыстар, мектепке дейінгі жастағы балаларға білім беру саласындағы инновацияда өз – өзінен дамуға қабілеті бар педагогтардың квалификацияларына қойылатын талаптар түрінде көрінеді. Осы орайда құзырлы педагог болу әр тәрбиешінің бірден – бір мақсаты болып табылады.

Педагогтің басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан – жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, нәтижеге бағытталған мектепке дейінгі білім беру мен жалпы орта білім берудің жаңа жүйесіне ауысу білім беруді басқару жүйесіндегілерден педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруда жаңаша көзқарасты, ал тәрбиешілердің негізгі кәсіби құзыреттілігін дамытуды талап етеді.

Білім беруді түрлендіруде, білім процесін реформалауда зерттеуші педагог пен көшбасшы тәрбиеші жаңа формация педагогі ретінде орталық тұлға болып табылады. Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіндегі педагогтің кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізін айқындап алу үшін, терминнің дербес анықтамасына тоқталсақ. Психологиялық- педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзыреттілік және құзырет ұғымдары пайдаланылып келеді. Біріншісі, С.Ожегов сөздігі бойынша, белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, "қандай да болсын мәселеден хабардарлық, беделділік", ал екіншісі, "қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс – әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтылық шеңбері".

Методикалық терминдер сөздігінде" "Құзыреттілік – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі", – делінген. Дұрыс ұйымдастырылған әдістемелік пен оның кәсіби дамуға бағытталған жұмыстары ғана жаңашылдық кепілі болады. Сол себепті, мұғалімдерді кәсіби біліктілігін арттыруда педагогтардың өздеріне бағытталған іс – әрекеттерін жаңаша ұйымдастыру өте маңызды[1].

Тәрбиеші – ақпараттанушы емес, баланың жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Ал бұл тәрбиешіден жоғары құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, балаларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді.

Тәрбиешінің кәсіби құзырлылығы, оның өзіне деген сенімділігінен, кәсіби қызметте өзін-өзі көрсетуінен басталады. Жоғары құзыреттілік өзін «менгеруді» күтпейді. Педагогтің құзыреттілігі туралы әр кезеңде әртүрлі авторлар еңбектерінде түрлі пікірлер кездеседі. Соларға сүйене отырып, мұның өзі жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің деңгейі, педагогикалық іс-әрекеттегі теориялық және практикалық дайындығы мен тәжірибесінің тоғысуы, сол сияқты педагогқа қажетті көптеген сапалардың болуы бұл өте күрделі сансалалы мәселе деп тұжырымдауға болады.

Педагогтардың кәсіби құзырлылығы – олардың педагогикалық қызметті жүзеге асыруға деген теориялық және практикалық дайындығының бірлігі. (В.А.Сластенин)

Жаңа талаптарға бағына отырып, тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігінің дамуының негізгі жолдарын анықтауға болады:

1. әдістемелік бірлестіктерде, шығармашылық топтардың жұмысы
2. зерттеу, эксперименталды жұмыстар жүргізу
3. инновациялық жұмыстар: жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру
4. педагогикалық қолдау түрлерін үйрену
5. сайыстарға, мастер-класстар, форум және панорамалық сабақтарға белсенді түрде қатысу
6. педагогикалық тәжірибесін жинақтау
7. АКТ пайдалана білуі

Тәрбиешінің кәсіби құзыры, оның бастапқы тәжірибелі біліктілігі және шеберлігі, жас ерекшеліктеріне сәйкес адамның тұлғалық дамуына байланысты белсенді, үздіксіз үйренуінде қалыптасады. Жоғары құзырлы тәрбиешіден төмен құзырлы тәрбиешінің айырмашылығы, осы педагогикалық-психологиялық компоненттерді кәсіби шеберлігімен қолдана білуінде. Педагогикалық-психологиялық компоненттердің жоғары деңгейде қалыптасуы тәрбиешіге, балаларға алдын алынған білімдерді және жаңа білімді

дифференциалды, әлеуметтік, аутопсихологиялық компоненттер ретінде ұғындырып, қалыптастыруда, яғни осы білімдер олардың қабілеттілігінің дамуында «кірпіш» болуына көмектеседі.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр педагог, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты — бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Ізденімпаз тәрбиешінің шығармашылығындағы ерекше тұс — оның сабақты түрлендіріп, баланың жүрегіне жол таба білуі.

Педагог атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау — әр тәрбиешінің борышы. Ол өз кәсібін, өз мамандығын, барлық балаларын, жұмыс мекемесін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация тәрбиешісі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті.

Жаңа формация тәрбиешісі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды[2].

Нарық жағдайындағы педагогке қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация тәрбиешісі — рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Сабақты түсіндіру барысында тәрбиеші тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD, CD-ROM және Интернет ресурстарын қолдана алады. Бұл кезде тәрбиеші қосымшаны іске қосу, CD-ROM, Web-түйін мазмұнын қарастыру, ақпарат сақтау, белгі жасау тышқанды ауыстыратын арнайы қалам арқылы жазулар жазу және т. б. әрекеттерді жеңіл орындай алады.

Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді.

Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру — оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Білім сапасын арттыру барысында тәрбиешілерге мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық — дамытушылық функцияны атқарады.

Кәсіби құзыреттілік – әлеуметтік жұмыс маманының мінездемесі, мамандығының талаптарына деген оның сәйкестік дәрежесі.

Кәсіби даярлық – кәсіби бағдарлық пен кәсіби білімі, біліктілігі мен машықтарының жүйесі және кәсіби бағдарлығының қалыптасуы, әлеуметтік жұмыстағы кәсіби жағдаяттар мен тапсырмалардың теориялық және практикалық шешімінің тәжірибесін меңгеру.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» – деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ.

Балалардың танымдық көзқарасын байыту ақыл — ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру тәрбиешінің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты.

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Тәрбиеленуші балалар тәрбиеші қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы: ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт- бағдар беруші болып шығуы — бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ тәрбиеші — қазіргі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі тәрбиешілердің тәрбиеленушілерді оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

➤ бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);

- мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);
- оқу-танымдық құзіреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);
- коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);
- ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);
- әлеуметтік- еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);
- тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті)[3].

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан- жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана тәрбиеші құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан- жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Сегізбаева О.А. Қазақ философиясының тарихы.- Алматы, Ғылым, 1999 ж.
2. И.Д.Богаева. Педагогикалық қызметтегі кәсіби шеберлік, 2009 ж
3. Интернет желісінің көздері.

23.10.2021 ж. № D00035

n-ші дәрежелі түбір және оның қасиеттері

САЙДАЗОВА ДИЛРАБА РУСТАМОВНА

*Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылы
Д.Қонаев атындағы аграрлық-техникалық колледжісінің
математика пәні оқытушысы*

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Дәрежелер мен түбірлер. Дәрежелік функция	Колледж: Д. Қонаев атындағы аграрлық техникалық колледж	
Педагогтің аты-жөні:	Сайдазова Дилраба Рустамовна	
Күні:		
Топ:	Қатысушылар саны: саны: Қатыспағандар	
Сабақтың тақырыбы:	n-ші дәрежелі түбір және оның қасиеттері	
Оқу бағдарламасы на сәйкес оқу мақсаты	11.2.1.1 - n-ші дәрежелі түбір және n-ші дәрежелі арифметикалық түбір анықтамасын білу; 11.2.1.2 - n-ші дәрежелі түбір қасиеттерін білу;	
Сабақтың мақсаты:	Барлық студенттер: - n-ші дәрежелі түбірдің қасиеттерін, формулаларын біледі. Басым бөлігі: n-ші дәрежелі түбірдің қасиеттерін, формулаларын есептерде қолданады.	

	Кейбір студенттер: n-ші дәрежелі түбірдің қасиеттерін, формулаларын пайдаланып күрделі есептер шығарады.	
Бағалау критерийі	n-ші дәрежелі түбірлердің анықтамасын, қасиеттерін біледі және қолданады; n-ші дәрежелі түбірі бар бір есепте бірнеше қасиетті қолданады..	
Тілдік мақсаттар	Студенттер: Түбірдің анықтамасын айтады, түбірдің формулаларын пайдаланып өрнектерді есептейді.	
	Пәнге қатысты лексика мен терминология: Дәреже, дәреженің көрсеткіші, түбір, квадрат түбір, арифметикалық квадрат түбір, түбірдің мәні.	
	Диалогпен жазылымға қатысты бірліктер а санының n-ші дәрежелі түбірі..... айтады а санының n-ші дәрежелі арифметикалық түбірі..... айтады	
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының «Адалдық, төзімділік, еңбексүйгіштік» негізінде студенттерді адалдық еңбексүйгіштік құндылықтарымызға дәріптеуге тәрбиелеу.Топта жұмыс істей білуге, өзгенің пікірін тыңдай білуге тәрбиелеу	
Пәнаралық байланыс	Физика, химия, информатика	
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Анықталған интегралдың геометриялық және физикалық есептерді шығаруда қолданылуы.	

Сабақтың барысы:		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс- әрекет	Ресустар
Сабақтың басы 10 минут	<p>- Студенттермен сәлемдесу - оқушылардың зейінін шоғырландыру - оқушылар мен бірігіп сабақ мақсатын және оқу мақсаттарын анықтау - оқушылардың «жақын аймақтағы дамуын» анықтап, сабақтың соңындағы күтілетін нәтижені қарастыру.</p> <p>«Кім жылдам» әдісі арқылы квадрат түбір, арифметикалық квадрат түбір ұғымдарын және түбірдің қасиеттерін қайталау.</p> <p>«Құпия қорап» әдісі арқылы қорапшада жасырылған есептерге «иә, жоқ» деген жауаптармен жауап береді.</p> <p>Мысалы:</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Оқулық 11-сынып. https://bilimland.kz/kk/subject/algebra/11-synyp/n-shi-darezheli-tubir-zhane-onyng-qasiетteri?mid=01cc1440-9d5a-11e9-be78-49d30a05e051 • https://yandex.kz/images/search? • А.Е. Әбілқасымова, В.Е. Корчевский, З.Ә. Жұмағұлова 11 сынып
Сабақтың ортасы 25 минут	<p>І. Жаңа материалды баяндау (негізгі ұғымдар)</p> <p>Компьютердің мультимедиялық мүмкіндіктерін пайдалана отырып презентация арқылы жаңа тақырыпты түсіндіру.</p> <p>1) Санды дәрежеге шығаруға кері амал бар ма?</p> <p>2) а санының квадрат түбірідеген не?</p> <p>3) 49 санының квадрат түбірі нешеге тең?</p> <p>4) 27 санының үшінші дәрежелі түбірі нешеге тең?</p> <p>5) 256 санының төртінші дәрежелі түбірі</p>	Слайд

	<p>нешеге тең? 6) 243 санының бесінші дәрежелі түбірі нешеге тең? 7) a санының n-ші дәрежелі түбірі деген не? Анықтама. a санының n-ші дәрежелі түбірі деп n-ші дәрежесі a санына тең болатын b санын айтады. Анықтама бойынша $a = b^n$, мұндағы n-түбір көрсеткіші, a – түбір астындағы өрнек. 2. Арифметикалық түбірдің қасиеттері (Видеотүсіндіру)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. $(\sqrt[n]{a})^n = a$ 2. $\sqrt[n]{ab} = \sqrt[n]{a} \cdot \sqrt[n]{b}$ 3. $\sqrt[nk]{a^k} = \sqrt[n]{a}$ 4. $\sqrt[n]{\frac{a}{b}} = \frac{\sqrt[n]{a}}{\sqrt[n]{b}}$ 5. $(\sqrt[n]{a})^k = \sqrt[n]{a^k}$ 6. $\sqrt[n]{\sqrt[k]{a}} = \sqrt[nk]{a}$ <p>Мысал-1: -120 Мысал-2: 2 Оқулықпен жұмыс Кеспе қаздарға жасырылған сандар арқылы оқушыларды үш топқа бөлемін және сабаққа арналған тапсырмалар беремін.</p>	
--	---	--

	<p>Топтарға арналған тапсырмалар «Жалғасын тап» сергіту сәті арқылы оқушыларесептерді есептейді. Сандардың үшінші дәрежелі түбірлерін табыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none">• =• 2) =• 3) =4) =5) = <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none">- түбір астындағы санды a^3 түрінде жазады;- үшінші дәрежелі түбірін табады	
--	--	--

<p>Саралау тәсілі</p>	<p>Деңгейлік есептер слайд арқылы көрсетіледі (1-ші деңгейдегі есептерге 1 балдан қойылады 2-ші деңгейдегі есептерге 2 балдан)</p> <p>I-ші деңгей</p> <p>2. Өрнектерді ықшамдаңдар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ; b) ; • ; d) . <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - немесе қасиетін қолданады; - өрнекті түбір астынан шығарады; - жауабын стандарт түрде жазады; <p>«Мадақтау сөз» әдісі арқылы бағалайды: «Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!»</p> <p>II-ші деңгей</p> <p>3. Ықшамдаңдар:</p> <p>1. ; b) c) ; d) ;</p> <p>1. ; f) ; g) ; h)</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қасиетін қолданады; - жауабын жазады (түбір түрінде); <p>«Қатесін тап» әдісі арқылы сабаққа қортынды жасаймын</p> <p>1. $=0,4+3=3,4$</p> <p>2.</p>	
<p>Сабақтың соңы 10 минут</p>	<p>Бағалау. Оқушылар бір-бірін ауызша критерий бойынша бағалайды. -Кейбір оқушыларға мұғалім тарапынан кері байланыс беріледі.</p> <p>Рефлексия. Мен есімесіңді...</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мен білдім... • Мен үйрендім... <p>Әрі қарай менің білгім келетінім...</p> <p>Үй тапсырмасы</p>	

	<ul style="list-style-type: none"> • n-дәрежелі түбірдің қасиеттерін жатқа айту; • Өрнекті ықшамдаңдар: а) ; б) <p>Тепе-теңдікті дәлелдеңдер:</p>	
<p>Саралау- Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау-Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	
<p>Сабақ мақсатына жетелеу үшін деңгейлік тапсырмалар, қарқыны жоғары оқушыларға қосымша тапсырмалар беру арқылы саралаймын, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып диалогқа түсу арқылы ынталандырамын, қолдау көрсетемін</p>	<p>Бағалау критерийлеріне сәйкес дескрипторлар құрастырылды. «Құпия қорап»,«Кім жылдам» «Жалғасын тап» , «Қатесін тап»әдісі, «Мадақтау сөзі» белсенді әдістер қолданамын, кесте толтыру дескриптор арқылы өзін-өзі бағалау, Қалыптастырушы бағалау сабақтың басынан аяғына дейін жүргізілді «Рефлексия» әдісімен кері байланыс орнаттым.</p>	

23.10.2021 ж. № D00038

Сенсорика сабағында ойын әдістерінің тиімділігі

МЕНКЕЕВА АНАР КУДАГЕЛДЫЕВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
"№11" Теңге"бөбекжайының тәрбиешісі*

Баланың сенсорлық дамуы – бұл заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларының қалыптасуы және оны қабылдай білуі: олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмі т.б. мектепке дейінгі жаста сенсорлық дамудың мәнін бағалау қиын. Дәл осы жаста сезім мүшелерінің әрекетін жетілдіру, қоршаған орта туралы білімін жинақтауға қолайлы кез. Мектепке дейінгі педагогика саласындағы атақты шетелдік ғалымдар (Ф.Фребель, М.Монтессори, О.Декроли т.б.) толыққанды сенсорлық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған сенсорлық тәрбие мектепке дейінгі тәрбиелеудің негізгі жағы болып саналатынын айтқан.

Сенсорлық даму, бір жағынан баланың жалпы ақыл-ойының дамуының іргетасын құрайды, бір жағынан өзіндік мәні бар, өйткені толыққанды қабылдау баланы балабақшада, мектепте оқыту үшін қажет. Қоршаған орта құбылыстары мен заттарын қабылдаудан тану басталады. Танудың басқа түрлері – есте сақтау, ойлау, елестету – қабылдау негізінде құралады. Сондықтан қалыпты ақыл-ойдың дамуы толыққанды қабылдауға сүйенусіз мүмкін емес.

Балабақшада бала сурет салуға, жабыстыруға, құрастыруға үйренеді, табиғат құбылыстарымен танысады, математика мен жазу негіздерін меңгере бастайды. Кейде бала дене шынықтыру сабағындағы қимылдарды қайталай алмайтын жағдай болады. Бірақ мәселе тек мұнда емес. Музыкант, суретші, құрастырушының табысын қамтамасыз ететін ерекшеліктерінің қатарында сенсорлық қабілеттер маңызды орын алады. Сенсорлық қабілеттің бастауында ерте жаста жететін сенсорлық дамудың жалпы деңгейі жатыр. Сенсорлық тәрбиелеудің басты бағыты -баланы сенсорлық мәдениетпен азықтандырудан тұрады.

«Сенсорлық мәдениет» ұғымы мектепке дейінгі педагогикаға М.Монтессоридің жұмыстарының арқасында енді. Бірақ, ол мұндай мәдениетке қол жеткізу үшін баланың сезім мүшелерін заттардың түсін, көлемін, пішінін ажыра білуге жаттықтырып отыру жеткілікті деп санаған. Мұндай көзқарас қате еді. Баланың сенсорлық мәдениеті – адамзат жасаған сенсорлық мәдениетті меңгеру нәтижесі. (заттардың түсі, пішіні туралы жалпыға ортақ қабылдаулар).

Бала өмірде де заттардың алуан түрлі пішіндері, түстері және басқа қасиеттерімен, әсіресе ойыншықтар және тұрмыстық заттармен кездеседі.

Ол өнер туындыларымен де танысады: музыка, жазба өнері, скульптура. Әр бала мақсатты бағытталған тәрбиелеусіз осының бәрін қабылдайды. Мұнда адамзаттың сенсорлық мәдениетімен жоспарлы таныстыратын сенсорлық тәрбиелеу көмекке келеді.

Әр жаста сенсорлық тәрбиелеу алдында өзіндік мақсаттар тұрады, сенсорлық мәдениеттің белгілі бір бөлігі қалыптасады.

Үш жастағы балалар қарапайым өнімді әрекеттерді орындай алады (мозаика құрастыру, құрылыс материалдарынан қарапайым заттарды жинау). Бірақ ол кезде олар көрген заттар мен қолданылатын материалдардың қасиеттеріне аса назар аудармайды, өйткені олардың маңызын түсінбейді және оған назар салмайды. Сондықтан балаларды қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету кезінде, әр бала пішін, көлем, түс – заттардың тұрақты белгілері екендігін ұққан жөн. Үш жас кезінде балаларды сенсорлық тәрбиелеудің дайындық кезеңі аяқталады және ары қарай олардың сенсорлық мәдениетті жүйелі меңгеруді ұйымдастыру басталады.

Ұсынылған жүйе көмегімен жүзеге асырылатын сенсорлық тәрбиелеудің әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту (сурет салу, т.б.) кезінде жүргізілетін сенсорлық тәрбиелеумен байланысы туралы мәселе маңызды болып табылады. Әрекеттің өнімді түрлері баланың үш жасында қалыптаса бастайды, бірақ осы жаста оқыту маңызды орын алмайды. Сондықтан ерте жастағы балаларға өнімді әрекетті және сенсорлық тәрбиелеу бойынша дидактикалық ойындар мен жаттығуларды шектеудің мағынасы жоқ.

Үш жастан бастап әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту жүйелі және жоспарлы сипатқа ие.

Сенсорлық тәрбие – балалардың сенсорлық процесінің мақсатын жетілдіру, (сезінулерді, қабылдауларды, ұсыныстарды) дамыту.

Сенсорлық тәрбиенің мақсаты: балалардың сенсорлық қабілеттілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

- 1) Балалардың естілім жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 2) Балалардың сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 3) Балалардың танымдық пен практикалық әрекетте естілім және сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін өз бетінше қабылдауды қалыптастыру.

Сенсорлық тәрбие бойынша 2-3 жасқа дейінгі бағдарламаның талаптары:

8 түсте бағдарлау, олардың атауларын атау, үлгі бойынша тандау;

Үш және одан да көп қарама-қарсы шамаларда бағдарлау;

Әртүрлі шамадан 5-8 сақиналардан тұратын пирамиданы жинау;

Жазық суретпен көлемді, геометриялық пішіндерді, кескінді ара қатынасын белгілеу, үлгі бойынша қою (әртүрлі шамаларды қосымша беттерге жайып қойыпнемесетактайшадаұқсас формаларғаорналастыру).

4 бөліктерден тұратын ойып жасалған суреттерден, бүгін қойма текшелерді құру.

Форма бойынша заттарды танып білу (текше, кірпіш, шар, призма);

Жазықтықтағы пішіндерге (шеңбер, сопақша, шаршы, тік төртбұрыш) байланыста бағдарлау;

Түс, пішін, шама бойынша біркелкі заттарды салыстыру, ара қатынасын белгілеу, топтау;

Заттардың пішіндерін саусақтармен сұлба бойынша жиектеу;

Парақ шеңберінде тік, көлденең, дөңгелек, қысқа және ұзын сызықтарды өткізу.

Дидактикалық ойындар арқылы тәрбиеші балалардың сенсорлық тәрбиені жүзеге асырып, танылатын үрдісін дамытады (білуге құмарлық, қарапайым көрністерде өзара байланысты түсіну және т.с.с.). Тәрбиеші ойынды ойлау, сөйлеу, қиял, ес, қоршаған өмірді кеңейту және бекіту әдістер ретінде қолданады».

Дидактикалық ойын міндетті, мазмұнды, ережелерді және ойын әрекеттерді енгізеді.

Дидактикалық ойынның негізгі элементі дидактикалық міндет болып табылады. Ол сабақтардың бағдарламасы-

мен тығыз байланысты. Барлық қалған элементтер қойылған міндетке бағынып және оны орындауын қамтамасыз етеді. Дидактикалық міндеттері әртүрлі (қарапайым математика ұғымдарың бекітуге байланысты болуы мүмкін).

Дидактикалық ойындардың мағынасы қоршаған болмыста (табиғат, адамдар, олардың ара қатынастары, тұрмысы, еңбегі, қоғамдық өмірлері, оқиғалары және т.б.) Дидактикалық ойында үлкен рөл ережелерге беріледі. Олар әрбір балаға ойында не және қалай істеуге тиісті екендігін анықтайды, табысқа жету жолын көрсетіп жатыр.

Балаларда жүріс тұрыста тойтарылу, өз мінез-құлқын басқаруды тәрбиелеп жатыр. Ойын әрекеті – бұл ойын мақсатында балалардың белсенділік таныту: түрлі-түсті шарларды сырғанату, мұнараны талдау, матрешканы жинау...

Сенсорикадағы дидактикалық ойындар мектепке дейінгі кіші жастағы балалар үшін сан туралы білімдерін кеңейтуге және бекітуге үлкен мүмкіндіктер береді: « бір » және « көп »; заттардың теңдігі туралы, өрнектерді түсіну: сонша — қанша, тең, бір бірден — көп –бір де. Заттар салыстырып, олардың шамаларын т түсіну: ұзын — қысқа, бірдей, жоғары — төмен, кең — тар, жуан — нәзік, көбірек — аз. Пішінді анықтау: шеңбер, шаршы, үшбұрыш. Кеңістіктің бағыттарын танып білу: алға, артқа, оңға, солға. Уақытты бағдарлау: таңертең, күн, кеш, түн.

23.10.2021 ж. № D00039

**Дәстүрден тыс әдіс тәсілдері арқылы
балалардың шығармашылығын қалыптастыру**

БЕСЖАНОВА КУНИМАЙ ТАБЫНБАЕВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
№11 "Теңге" бөбекжайының тәрбиешісі*

Балалардың бейнелеу шығармашылығы – қызықты бейнелер мен ашық бояулар әлемі. Олар өздерінің ғажайып қиялымен, ерекшелігімен ересектерді талай таңғалдырған. Сәбилер суретті ерекше ықыласпен және жиі салады. Оларды айналадағы қоршаған дүние әлемі өз қызығымен еліктіріп әкетеді. Балалардың сурет салу әдісін меңгеруі, олардың қабілеті дамуы болып табылады. Қазіргі кезеңде жана адамды қалыптастыру, оның шығармашылық белсенділігін дамыту басты назарға алынған. Сондықтан, сұлулықты сезіну, жоғары эстетикалық талғам қалыптастыру, өнер туындысын, туған табиғаттың сұлулығын түсіну және бағалауды жетілдіру қажет. Әртүрлі авторлардың (Г.Б.Кибишова «Вдохновение» бағдарламасы, И.А.Лыкова «Методическое пособие для специалистов дошкольных образовательных учреждений», Т.Н.Доронова «Природа, искусство и изобразительная деятельность детей», Р.Г.Казакова «Изобразительная деятельность в детском саду» еңбектерімен таныса отырып, біз көптеген қызықты идеялар кездестірдік және алдымызға мынадай мақсат қойдық.

1. Балаларда сурет салудың техникалық дағдыларын қалыптастыру.
2. Балаларды сурет салудың әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдерімен таныстыру.
3. Балаларды сурет салудың әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдерін пайдалана отырып, өзіндік қайталанбас бейне жасауға үйрету.

Дұрыс техникалық дағды бала бойында сабақ сайын дамып, қалыптасып отырады. Балалар сурет салу тәсілдерін құрғақ түсіндіргеннен емес, өздері тәжірибе жасаудан үйренеді. Балалар бақшасында сурет салу үшін көптеген құралдар беруге болады: түрлі-түсті және қара қарындаштар, акварель және гуашь бояулар, балауыз борлар, фломастерлер, акварель борлар, пастель, көмір, сангина, тушь, пластилин т.б. Балаларды үйрету барысында оларға ұсынылған түрлі заттар қызығушылықты арттырады. Олар тіпті, қара қарындаштың өзін заттың мазмұнын беру үшін әртүрлі басу арқылы ғажап суреттер сала алады. Балалар сурет салу құралдарын игергеннен кейін, оларды саналы түрде материал таңдауға әкелеміз. Бұл жердегі маңыздысы баланың өзіне қажет құралды дербес таңдап алу қабілеті. Сабақ соңында бала өз еңбегін көргенде бейнені шешудің алуан тәсілдерін көреді. Сонда ғана оның келесі жолы бояу

таңдауда шешімі өзгеруі мүмкін. Бұл оның шығармашылығының дамуына мүмкіндік береді. Техникалық дағды мен тәсілдерді меңгеруі дүниені өз сұлулығымен бейнелеуге әсерін тигізсе, ең маңыздысы сол.

Қазіргі таңда балалар бақшасындағы балаларды көркем өнерге баулуда дәстүрден тыс тәдіс-тәсілдермен бірге бейнелеу құралдарының да көптеген түрлері пайдаланылады. Солардың біразына тоқтала кетейік:

«палитра - саусақтар» саусақпен сурет салу.

Қол астында қылқалам жоқ па? Ештеңе етпейді. Бір саусағымызды көк бояуға батырамыз, келесісін сары бояуға, үшіншісін қызыл бояуға маламыз. Палитрадан несі кем!... Бұл барлық жастағы балаларға ұнайтын қарапайым да оңай әдіс. Олар үлкен ынтамен салады. Саусақпен сурет салу бірнеше кезеңнен тұрады. Балалар әуелі бір саусақпен, сосын бірнеше саусақпен сурет салып үйренеді. Біз көбелектерді, балықтарды, көгалды нүктелер, ирек сызықтармен безендіріп үйренеміз. Келесі кезеңде балалар бояуларды араластыруды үйренеді. Әр саусағын әртүрлі бояуға батырып бір түстің үстіне келесі түсті жағады. Түстерді араластыру нәтижесінде балалар өздеріне қажет түсті табады. Естиярлар тобында қарапайым бейнелерді бояудан бастап, мектепке дайындық тобында «саусақпен бояу» техникасын жете меңгерген балалар сурет тақырыбын өздері таңдап, оны нұқу, жағу, бояуларды араластыру әдістерімен ұтымды безендіре алады. Ертегілерге салынған сюжеттерді де балалар өте сәтті бояды.

Келесі техника - **«Алақанмен»** сурет салу. Бұл әдіс кішкентайлар тобындағы балаларға өте ұнайды. Себебі балалар бояуды көріп қана қоймайды, оны сезінеді.

Балалармен жұмыс жүргізуде пайдаланылатын келесі әдіс – **сызықтармен (штрихтармен)** сурет салу. Сызықтардың көмегімен заттың сапасы, оның қасиеті, туралы біліп, суреттегі бейнені, оның қоршаған ортаға қатысын ашуға болады. Сонымен бірге сызықтармен сурет салу, саусақтардың бұлшық еттерін дамытып, қолды жазуға жаттықтырады. Ересектер топтарындағы балалар «балапан», «кірпі» тақырыптарына сурет сала алады. Бұл суреттер қарапайым да мәнерлі, бейненің ерекшелігін әртүрлі сызықтар және сызықтарды әртүрлі қалыпта жүргізу арқылы беріледі. Сызықпен сурет салу үшін балаалар бос уақыттарында көп жаттығулары керек. Бейненің мазмұнын ашу сызықты пайдалана білуді қажет етеді.

Сонымен бірге **дымқыл қағазға** сурет салу әдісі де өте қызық. Бұл әдіс ересектер тобындағы балалармен жұмыс жүргізуде пайдаланылады. Гуашьпен бояғаннан гөрі акварельмен бояу күрделірек, бірақ қызық. Акварельмен тек ақ параққа сурет салуға болады. Бояуға су көбірек араластырылса бояу түсі тұнықтана түседі. Әсіресе балаларға тымық және желді күнгі теңізді салу өте ұнайды.

Балауыз бор, май шам және акварельмен сурет салу халық шеберлерінің пайдалануымен ертеден келе жатқан әдіс. Балаларға жаңа талпыныс әкелетіні, олардың қызығушылықтарынан белгілі.

Жаңа техника **грамтажды** пайдаланып балалар «Қысқы орман», «Түнгі ертегілер», «Саябаққа серуен» тақырыптарына суреттер салды.

Майлау арқылы бояу балаларға өте ұнайды. Балалардың жағу әдісін игеруі әртүрлі болғандықтан бұл әдіс те бос уақытта көп жаттығуды, әр баламен жеке жұмыс жүргізуді қажет етеді. Себебі балаға жағу мен нұқуды айыра білудің өзі күрделі.

Қазіргі таңда сәнге айналған **монопиния және диопиния** (баспа техникасы) әдістері де өте қызықты. Бұл әдіс қиялды, елестетуді, түс пен пішінді сезінуді жетілдіруге көмектеседі. «Су жағасындағы талдарды» салуда жарты суреттен тұтас суреттің жасалуы балаларға өте ұнады. Сол сияқты балаларға дәстүрден тыс әдістің бірі шашыраты арқылы сурет салу да үйретілді. Бұл күрделі техника, бірақ нәтижесінде еңбектің ақталғанын көрудің өзі бала үшін бір ғанибет.

Пластелинмен сурет салу баладан төзімділікті, бастаған істі аяғына дейін жеткізу үшін табандылықты талап етеді. Бұл әдісті біз мектепалды тобында пайдаландық.

Сол сияқты балаларды бейнелеу өнеріне баулуда біз бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс әдістері көптеп пайдаланамыз. Мысалы:

- a. **Бормен сурет салу,**
- b. **Көмір және сангинамен сурет салу,**
- c. **Табиғи заттарды пайдаланып сурет салу,**
- d. **Жіптің көмегімен сурет салу,**
- e. **манка жармасын пайдалану арқылы сурет салу,**
- f. **құммен сурет салу т.б.**

Алуан түрлі әдістердің балалардың жұмыстарының мазмұнын ашуға өз септігін тигізетінін атап айтпай болмайды. Олардың орындалу барысының өзі балаларға үлкен қанағаттанғандық әкеледі. Әр қимыл сәтті шыққан сайын бала өз жеңісінің жемісін өзгелерге көрсету үшін оны сан рет қайталап көрсетуден жалықпайды.

23.10.2021 ж. № D00040

Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді қолдану

ӨТЕГЕН САМАЛ ҚАРШЫҒАҚЫЗЫ

*Алматы облысы Ақсу ауданы Кеңжыра ауылы
"Кеңжыра орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі Бастауыш сынып мұғалімі*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында « Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдарға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу;білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге,жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілігі туындайды.Білім берудің маңызды шарты-оқу үрдісін жаңара отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың өздігінен білім алуға құштарлығын жетілдіру, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауда мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыру.

Қай заман болмасын адамзат алдында тұрған міндет- ұрпаққа саналы білім беру. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін заман ағымына орай оқу үрдісіне жаңа технологиялар қажетті. Жаңалықты меңгеру мен жүзеге асыруда дұрыс түсінбеу үлкен кедергіге әкеледі. Сондай қолданыстағы жаңа технологиялардың бірі-сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Жалпы сыни ойлау деген не?

Сыни ойлау сұрақ қою мен шешімін талап ететін проблемалардан тұрады. Мазмұнды сұрақ қою арқылы,мәселені шешуде өзі жолын іздеп тауып,шешімді,саналы дәлелдер айтады. -мұғалімге тәуелділіктен арылып, өзінің білім беру қызметін өздері басқаруға;

-білім мәдениеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;

-жеке ерекшелігі мен қыбылетіне сай тапсырмаларды өзі таңдап, іздеп тауып, белсене орындауға;

-білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып және ұжымдасып мұғалім көмегінсіз атқаруы;

-кұр мәлімет алумен шектелмей, сабақ барысында өз пікірін ашық айтып, сұхбат жүргізуге;

-ой-өрісі ғана емес, рухани және әлеуметтік жағынан өздерін- өздері дамытып, тәрбиелеуге.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасында 100-ге жуық стратегиялар бар. Қазіргі кезде мен қолданып жүрген стратегиялар Венн диаграммасы, «Т» кестесі, эссе, ой қозғау, инсерт, шығу парағы, кубизм , дискуссиялық өрнек, кластер, ішіне сыртына , синквин, т.б.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазу дамыту технологиясын сабақ үстінде қолдану барысында төмендегідей тиімділіктерге қол жеткізуге болады.

1.Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.

2.Сенімділікке тәрбиелеу.

3.Қиялын дамыту « менің ойымша» деген жауапқа алуға жағдай жасау.

4. Әр түрлі жауапты соңына дейін тыңдау.

5. Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау.

6. Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне, әр сабақта жағдай жасау.

7.Жеке тұлға ретінде « мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Сын тұрғысынан ойлау- Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болап табылатын ең басты педагогикалық түсінік. Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Тек қабілетті кеңінен өрістетуге ықпал етуші орта оқушы үшін мектеп қана болып табылады. Сондықтан оқушылардың сыни тұрғыда ойлау мақсатында «қалай? қашан? қандай?»деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жүргізу жақсы нәтиже береді. Яғни оқушыларға тапсырманы қалай берем? Қашан берем? қандай тапсырма берем деген сұрақтар басты назарда болу керек деп ойлаймын. Сыни ойлау сабағының құрылымы үш кезеңді қамтиды.

Қызығушылықты ояту

Жаңа ақпаратқа қызығушылығын ояту, танымдық процеске жұмылдырады, актуалдау. Бұл бөлім –білімнің іргетасы.

Екінші кезең -мағынаны тану оқу процесін мазмұнды түсінудің негізгі кезеңі. Осы кезеңде мұғалім шеберлігінің шыңы десек қателеспеспіз деймін.

.Себебі мұғалім тиімді стратегиялар арқылы оқушы қабылдауын дамытады.

Салыстырмалы кестелер, екі жақты күнделік әдісі, инсерт әдістері қолданылады.

Ой толғау кезеңінде оқушы пікірлері маңызды болады. Оқушының сыни ойлауын дамыту мүмкіндік бар. Жаңа білімге өзінде бар білім негізінде өтіледі.

Оқушы шығармашылығын арттыруда әр кезеңге орай әдіс-тәсілдер таңдау, қолдану бір жүйеде дамытуға жетелейді.

1. **Сын тұрғысынан ойлау** -ашық қоғам негізі. Ол өз алдына сұрақтар қойып және оларға үнемі жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелерді қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Сыни ойлау-адам өмірінің бір саласы. Олай делінетіні-бұл философия адамдарға көптеген жолдар

мен шешімдер ішінен өздері үшін маңызды, әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата білуге көмектеседі.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы-білімнің дайын күйінде берілмеуі. Бұл жобаның мақсаты-демократиялық қоғамда өз көзқарасы, пайымдауы бар,өзін-өзі жетілдіріп отыратын, айналадағы үдерістерге сыни көзбен қарап, жауап бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

СТО жобасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу-білім беру сапасын арттырудың, оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. «Сын тұрғысынан ойлау»- сынап қарау емес, оқушының шыңдалған ойлау әрекеті.Бұл технологияның негізінде оқушылар топпен жұмыс істеу арқылы өзара пікірлесіп, ұтымды жауаптарды тауып айтуға үйренеді, іздене отырып, өз ойын айтуға, дәлелдеуге мүмкіндік алады. Топпен бірігіп жұмыс жасау тұлға бойында шыдамдылық, мейірімділік, ұжымдық жауапкершілік, бірігіп бір мәселені шешу секілді жағымды қасиеттерді дамытады.

«Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» арнайы пәндерді оқытуда қолданып жүрмін. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақтарда қолдану» тақырыбын өзекті тақырып ретінде алдым. Осы технологиямен жұмыс жүргізу үшін белгілі міндеттер қойдым. Олар:

1. Технологияны оқып меңгеру;
2. Тәжірибеде қолдану;
3. Нәтижесін анықтау.

Жалпы «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» 90 түрлі стратегиясы бар, солардың ішіндегі- Даралық пен ұқсастық, Венн диаграммасы, Бес жолды өлең, Галереяға саяхат, INSERT кестесі, ББҰ стратегияларын сабақтарында қолданамын.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі мақсаттары:

- Тек қана оқуда емес, өмірде де оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту;
- Өздігінен дұрыс шешім қабылдай білетін тұлғаны дамыту;
- Ақпараттарен жұмыс істей білетін шығармашыл тұлға қалыптастыру;
- Құбылыстарды жан-жақты талдап саралай білетін сыншыл тұлға тәрбиелеу.

Сабақта белгілі қағидалар сақталынуы қажет. Ол үшін тақырып бойынша оқытушы – оқушыларға тапсырманы орындауға уақыт белгілеуі, сенім көрсетуі, қолдауы және бағыт беріп көмектесуі қажет.

23.10.2021 ж. № D00041

Науқас психикасының ерекшеліктері.

МАХУОВА ГУЛФАЙРУЗ ЕРБОЛАТОВНА

БҚО Орал қаласы Жогары медициналық колледжінің

"Психология негіздері және коммуникативтік дағдылар" пәні оқытушысы

Сабақтың түрі: Аралас сабақ

Сабақтың әдісі: Ойын элементтері араласқан интербелсенді әдістер.

Сабақтың мақсаты:

Білімділігі: Медицина қызметкері науқас психикасының ерекшеліктерін, дерттің ішкі бейнесінің құрылымын білу.

Дамытушылығы

1. Пәнге қызығушылығын, ізденімпаздығын арттыру.
2. Байқау қабілетін жетілдіру.
3. Өзіне деген сенімін қалыптастыру.
4. Топпен жұмыс жасауға баулу.
5. Креативті қабілетін жетілдіру.

Тәрбиелілігі:

- Салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.
- Болашақ медицина қызметкерлерін тазалыққа, міндеттілікке тәрбиелеу.
- Шығармашылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.
- Коммуникативті құзыреттілігін дамыта білуге баулу.

Сабақтың уақыты: 90 минут

Сабаққа керекті құрал – жабдықтар:

- Оқу бағдарламасы
- Оқулықтар
- Тірек конспектісі
- Интерактивті тақта
- Стикер, түрлі смайликтер және т.б.

Пән аралық байланыс: медицина, валеология, биология , жас ерекшелік психологиясы және т.б.

Сабақтың логикалық құрылымы үлгісі мен хронокартасы.

- Ұйымдастыру 5 минут
- Үй тапсырмасын сұрау 30 минут
- Жаңа сабақты түсіндіру 40 минут
- Алған білімдерін пысықтау 8 минут
- Сабақ қорытындысын шығару 5 минут
- Үйге тапсырма беру 2 минут

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: 5 минут

λ Екі жақты сәлемдесу.

λ Аудиторияның сабаққа даярлығын тексеру.

λ Мұғалім сабақта жоқ білімгерлерді түгендейді, қатыспаған білімгердің себебін сұрап белгілейді.

λ Білімгердің сыртқы келбетіне көңіл бөледі (медициналық халаты, қалпағы, бейджігі).

λ Құрал – жабдықтардың түгелдігін тексереді.

II. Тірек білімдерін өзектендіру: 30 минут

Тапсырма 1

Студенттерді боялған асықтар бойынша үш топқа бөлу және топтың өз жетекшілері мен топтың өз аттары болады.

Сауалдама дегеніміз не?

Сауалдаманың мақсаты қандай?

Интервью дегеніміз?

Интервью түрлері ?

Медициналық сұхбат

Сұхбаттасудың функциялары:

Тапсырма 2

Сұхбаттың принциптеріне келесілер жатады:

Медициналық сұхбаттасудың кезеңдері:

Клиникалық интервьюдің мынадай үлгісін (құрылымын) ұсынуға болады

1-кезең. «Сенімділік арақашықтығын» орнату. Ситуациялық қолдау, конфиденциальдылықты ұсыну: интервью жүргізуде басым мотивтерді анықтау.

2-кезең. Шағымды анықтау (белсенді және енжар интервью), ішкі бейнесін бағалау – ауру концепциясы; мәселені құрылымдау.

3-кезең. Интервью мен теропиядан алынған нәтижені бағалау; пациенттің денсаулығы және психикалық статусының субъективті үлгісін анықтау.

4-кезең. Пациенттің бейімделу қабілетін бағалау; аурудың және терапияның шығуының ықтимал вариантын талқылау; бейімделу тренингі.

III. Жаңа сабақты түсіндіру 40 минут

Дәрістің тақырыбы: Науқас психикасының ерекшеліктері. Дерттің ішкі бейнесі.

Тәжірбиелік тұрғыда аурудың ауырлығын нақты түрде анықтауға болмайды. Бірақ, медицинаның дамуына байланысты әлеуметтік-мәдениеттік ерекшеліктерін есепке ала отырып, кейбір аурулар басқалардан ауыр болатыны сөзсіз (өлім, мүгедектік, еңбекке қабілеттілігінің төмендеуі).

Кез келген аурудың субъективті психологиялық жағын көбінесе аурудың ішкі бейнесін түсінумен түсіндіреді, ол аурудың белгілі бір сезімталдығының қалыптасуы, өз ауруы туралы білімдердің қалыптасуын сипаттайды. Ауру патологиялық процесс ретінде ағзада аурудың ішкі бейнесін құруда екі жақты болады: 1) жеке және жалпы денелік түйсінулер ауру бейнесін бейнелудің сенсорлық деңгейінің пайда болуына әкеледі, Аурудың ішкі бейнесі клиникалық көрінулердің, астения қиналу сезімдерінің ауырлығымен анықталады. 2) ауру адам үшін өмірлік мәнді психологиялық жағдайлардың қиындығына әкеледі. Бұл жағдай өзіне әртүрлі сәттерді қосады: дәрілерді қабылдау процедуралы, дәрігерлермен қарым- қатынас, жұмыстағы әріптестерімен және жақындарымен қатынасының қайта құрылуы. Осы және басқа да сәттер ауру бейнесінің қалыптасуына әкеледі. Аурудың ішкі бейнесінің бірнеше өзара байланысты жақтары анықталады: 1) Аурудың қиналыс жағы (түйсіну деңгейі, сезімталдық деңгейі). 2) Аурудың эмоционалдық жағы жеке симптомдарға эмоционалды әсер етудің әртүрлі түрлерімен байланысты. 3) Интеллектуалды жағы (рационалды ақпарат деңгейі) аурудың өз ауруы туралы білімі, оның себептері және салдары жайлы ойлауымен байланысты. 4) Аурудың күресу жағы (мотивациялық деңгейі) аурудың өз ауруына қатынасын анықтаумен, іс- әрекетін өзектендірумен байланысты.

Ең алдымен, науқас өз сырқатын субъективті бағалауы маңызды рөл атқарады. Науқастың өз ауруына субъективті қатынасын «аурудың ішкі бейнесі» немесе «дерттің ішкі бейнесі» деп аталады. Науқаста өз дертінің ішкі көрінісі ауырлық және жағымсыз сезімнің пайда болу механизміне, оның болашақтағы дамуына, дерті туралы уайымдауына қарай және эмоционалдық әсері нәтижесінде қалыптасады. Дерттің объективті ауырлығы қандайда бір асқынудан кейінгі өлімнен, аурудың дамуы нәтижесінде пайда болатын мүгедектік және аурудың созылмалы түрге ауысуы сырқаттың ішкі көрінісінің қалыптасуына әкелетін бірден-бір фактор болып табылады. Науқастың дертіне деген субъективті көзқарасы көптеген факторлардың әсерінен қалыптасады. Олар екі топқа бөледі:

1. Жеке-конституционалдық факторларға келесілер жатады

- жынысы
- жасы
- мамандығы

2. Индивидуальді психологиялық факторлар:

- ❖ темперамент қасиеттеріне
- ❖ мінезінің ерекшеліктеріне

Жынысы. Науқастың жынысы сырқатқа деген субъективті қатынасқа және оған деген көзқарастың қалыптасуына әсер етеді. Науқастың жынысына байланысты әйел адамдар ер кісілерге қарағанда ауырсыну сезімін, дене қозғалысының шектелуін төзімділікпен көтереді. Батыс елдердегі көзқарас

бойынша босану кезіндегі ауырсыну сезімі, адам баласына берілетін ең бір қатты ауырсыну сезімі болып табылады. Осының нәтижесінде ауырсыну сезіміне төзу қабілеті табиғи қалыптасқан. Ер адам әйел адамдарға қарағанда эмоционалдық ауырлықты нашар көтереді. Әсіресе бұл бірнеше айлар бойы қимылы шектеліп жататын науқастары бар, травматология бөлімшесінде айқын аңғарылады.

Жас шамасы. Сырқатқа субъективті әсердің қалыптасуына науқастың жас шамасы да ықпал етеді. әр бір жас шамасында дерттің өз ауырлық дәрежесі болады, сондықтан ауырлық дәрежесін әлеуметтік психологиялық және ауырлығына байланысты топтауға болады. Жас балалардың, жасөспірімдердің өздерінің сыртқы әлпетінің өзгеретін дерттеріне шыдауы, оны көтеруі, оған төзімділігі аса қиындықтар тудырады. Себебі, жастар үшін түрінің сымбатты болуы қасиеттер жүйесінің негізі болып табылады.

Үлкен жастағы науқастар созылмалы және мүгедектікке әкелетін сырқаттарға, ауыр психологиялық жауап қайтарады. Қарт адамдарға өлімге әкелетін сырқаттар ауыр тиеді. Инфаркт,инсульт, онкологиялық аурулар қарт адамдарға еңбекке қабілеттілігінің төмендететінен емес, өлімге әкелі мүмкін екендігіне қорқыныш әкеледі.

Мамандығы. Орта жастағы адамдар сырқаттың ауырлығын, оның болашақ өміріне, еңбекке қабілеттілігіне кері әсерін тигізетін белгілеріне қарай бағалайды. Науқасқа қандайда бір мүшенің зақымдануын білу маңызды болады.

Темперамент ерекшеліктері. Темперамент – индивидтің психикалық жүйесінің, психикалық үдерістер мен жағдайының ырғағы, қарқыны,ритмнің динамикалық ерекшеліктерімен сипатталады. Темперамент типтеріне байланысты ауырсыну табалдырығы сангвеник пен флегматиктерге қарағанда холериктермен меланхоликтерде төмендеу болады.

Мінездің ерекшеліктері. Сырқатқа деген субъективті жауап беру науқастың отбасындағы тәрбиесіне, соның ішінде ауыру сезіміне төзімділік, шыдамдылық, жас баланың денсаулық параметрлеріндегі иерархиялық қасиеттеріне байланысты.

Ауру тұлғасының ауруға психологиялық реакциясының негізінде дерт туралы өз көрінісі, білімі пайда болуын – аурудың ішкі бейнесі дейді. Бұл – науқастың өз дертіне өз басының қатынасы,реакциясы, жауабы.

Адамның ішкі бейнесіне келесі факторлар әсер етеді:

- қолайсыз жағдай;
- науқастың өз денсаулығын өзі бағалау, ауруын қабылдап, өз рөлін атқаруы;
- ауруға (дертке) реакциясы;
- ауру себептерін білу;
- әлеуметтік жағдайына байланысты дертке әр түрлі реакция беруі.

Науқастың ауруына байланысты барлық сезінулері, уайымдары, көріністері – аурудың ішкі бейнесі деп аталады.

Аурудың ішкі бейнесінің деңгейлері:

1 деңгей –сенситивті (сезімталдық) – ауырсыну сезімдерінің жинақтамасы. Ағза жұмысының бұзылуы салдарынан адамда әдеттегіден тыс белгісіз бір сезіну пайда болады.

2 деңгей-эмоциональды – аурудың симптомдарына, аурудың өзіне және салдарына науқастың реакциясы, жауабы. Ауру сезіміне байланысты дамыған қорқу эмоциясы салдарынан, бір топ эмоциональдық реакциялар пайда болады: үміттену сезімі, қайғырып уайымдау, күйзеліс және т.б.

3 деңгей – интеллектуалды – науқастың өзінің ауруы туралы елестеулері, білімдері, оның пайда болу және салдары туралы ойлары. Эмоциональды уайымдауы адамды ізденіске ұмтылдырады, ол өз жағдайын түсіну үшін ақпарат іздей бастайды: дәрігерлерден, медицина қызметкерлерінен, туысқандарынан, достарынан және т.б.

4 деңгей - өзінің ауруына науқастың қарым-қатынасы және ауру кезіндегі тәртібінің өмір сүру салтының өзгеруі.

IV. Бекіту кезеңі: 8 минут

Мұғалім жаңа сабақты бекітуге арналған тапсырмаларын интерактивті тақтаны пайдаланып білім алушылардың жаңа сабақтан алған білімдерін тексеріп, бекітеді.

V. Сабақтың қорытындысын шығару 5 минут

❖ Оқытушы әрбір білімгердің жұмысына баға беріп, жіберілген кемшіліктері мен жетістіктерін бағалау.

❖ Жаңа материалды білімгер меңгере алды ма, сұрақтарға жауап бергеніне қарай қорытындылау.

❖ Өтілген тақырып бойынша білімін бағалау.

❖ Жақсы жауаптарды сәйкесінше бағалау.

❖ Бекіту сұрақтарын қоя отырып қорытындысын шығару.

❖ Студенттердің конспектілерін тексеру.

❖ Қорытынды баға қою.

❖ Кері байланыс студенттер күн нұрына, өз тілектерін сабақ туралы ой-пікірлерін жазып іледі.

Бағалау мына көрсеткіштер бойынша жүзеге асады:

Өткен тақырып бойынша негізгі білімін тексеру.

Өзіндік жұмыстың нәтижесіне қарау.

Бағалау әдісі: Үй тапсырмасы бойынша сұрақтарға жауап берген оқушыға 3-4-5 деген баға қойылады, егер

а) егер үй тапсырмасы толық және қатесіз жақсы, жан- жақты айтылса 5 деген баға қойылады;

ә) егер де үй тапсырмасын жақсы жауап берсе 4 деген баға қойылады.

б) егерде жауап толық болмаса 3 деген баға қойылады.

2. Топпен жұмысы бойынша барлық тапсыраны орындаса онда 5 деген баға қойылады

а) 5- 100% ә) 4- 75 % б) 3-55%

3. Сұрақ жауап немесе басқада тапсырмаға толық жауап берсе 5-деген баға қойылады.

а) егер 5 сұраққа жауап берсе 4 қойылады.

ә) егер 3 сұраққа жауап берсе 3 қойылады.

VI. Үйге тапсырма: 2 минут

- Өтілген материалдарды түгел қайталап келу.
- Келесі сабаққа дайындалу үшін нұсқаулар беру.
- Өтілген тақырып бойынша ребус, сөзжұмбақтар әзірлеу.

№ D00018 21.10.2021 ж.

Использование инновационных педагогических технологий на уроках истории

АСАНХАНОВА ЗАУРЕШ АМАНЖОЛОВНА
Актюбинского колледжа строительства и бизнеса
Преподаватель истории

Приоритетным направлением исторического образования считаю формирование у учащихся ключевых компетенций, обще учебных умений и навыков, универсальных способов деятельности. В ходе работы развиваю у школьников умение самостоятельно и мотивированно организовать познавательную деятельность, использовать элементы причинно-следственного и структурно- функционального анализа, определять существенные характеристики изучаемого объекта, самостоятельно выбирать критерии для сравнения, сопоставления. На уроках применяю различные образовательные технологии, с помощью которых организую и провожу учебно-исследовательскую работу, в том числе развиваю умение выдвигать гипотезы, осуществлять их проверку, владеть элементарными приёмами исследовательской деятельности, самостоятельно создавать алгоритмы познавательной деятельности для решения задач творческого и поискового характера.

Для реализации данных задач необходимо свою деятельность строить на основе применения инновационных образовательных технологий: информационно-коммуникативные, технологии интерактивного обучения, технология критического мышления, проектная технология, технология проблемно – диалогическая, здоровье сберегающие технологии и другие.

В современном преподавании выделяют пассивные, активные и интерактивные стратегии. Умелое сочетание данных стратегий обеспечивает эффективность преподавания и качество образования.

Проектная технология, проблемное обучение, технология дебатов позволяют реализовать учащимся самостоятельные проекты, определять и аргументировано доказывать свою позицию, точку зрения, раскрывать, творческий потенциал личности, способствуют самореализации и самоопределению.

Активно внедряю интерактивное обучение, поскольку это специальная форма организации познавательной, практической и творческой деятельности. Из интерактивных методик использую такие, как «коврик идей», «дерево решений», «шесть шляп мышления» и т.д.

Она имеет в виду вполне конкретные и прогнозируемые цели. Один из результатов применения интерактивных методов обучения является:

создание комфортных условий обучения,

формирование чувства успешности у ученика,

продуктивность самого процесса обучения,

что необыкновенно важно для решения стратегического развития школы.

Через интерактивное обучение выхожу на решение следующих задач: практически все учащиеся оказываются вовлеченными в процесс познания, они имеют возможность понимать и рефлексировать по поводу того, что они знают и думают, каждый вносит свой особый индивидуальный вклад, идет обмен знаниями, идеями, способами деятельности, причем, происходит это в атмосфере доброжелательности и взаимной поддержки, что позволяет не только получать новое знание, но и развивает саму познавательную деятельность, переводит ее на более высокие формы кооперации и сотрудничества.

Интерактивная деятельность на уроках предполагает организацию и развитие диалогового общения, которое ведет к взаимопониманию, взаимодействию, к совместному решению общих, но значимых для каждого участника задач.

Информационно-коммуникационные технологии позволяют развивать навыки самостоятельной, исследовательской, творческой работы, способствуют самовыражению и саморазвитию личности. Мои учащиеся показывают достаточно высокие результаты в их использовании - составляют презентации, в настоящее время активно осваивают теорию и практику создания школьной электронной газеты. Внедрение информационно-коммуникативных технологий в образовательный процесс позволило усилить наглядность и эмоциональную составляющую обучения, позволило проводить виртуальные экскурсии по музеям и т.д.

Для себя отмечаю, что использование современных информационных технологий повысило активность учащихся на уроках, позволило эффективно организовать познавательную и исследовательскую деятельность учащихся, усилило наглядность и эмоциональную наполненность урока, а всё это способствует развитию креативных качеств учащихся и их самореализации.

Особое внимание я уделяю сохранению здоровья учащихся.

Применение здоровьесберегающих технологий позволяет совершенствовать работу, направленную на сохранение и укрепление здоровья учащихся и привитие им навыков здорового образа жизни, содействует сохранению и укреплению здоровья каждого школьника в процессе обучения и воспитания; формирует у школьников представления об ответственности за собственное здоровье и здоровье окружающих; обеспечивает учащихся

необходимой информацией для формирования собственных стратегий и технологий, позволяющих сохранять и укреплять здоровье.

С переходом к профильному образованию, с учётом сложности изучаемого материала иногда применяю элементы модульной технологии, которая основана на том, что всякий урок должен способствовать как усвоению новой информации, так и формированию умений и навыков обработки этой информации. Организую лекции (урок изучения нового материала), семинары, исследования, лабораторные работы (уроки совершенствования знаний, умений, навыков), зачёты (уроки учёта и оценки знаний и умений).

В 9-11 классах считаю перспективной проектную и исследовательскую деятельность учащихся по овладению оперативными знаниями в процессе социализации. Реализуя проект, учащиеся под моим руководством синтезируют знания в ходе их поиска, интегрируют информацию смежных дисциплин, ищут более эффективные пути решения задач проекта, общаются друг с другом. Совместная деятельность реально демонстрирует широкие возможности сотрудничества, в ходе которого учащиеся ставят цели, определяют оптимальные средства их достижения, распределяют обязанности, всесторонне проявляют компетентность личности (умение работать в коллективе, ощущать себя членом команды, брать ответственность за выбор решения на себя, разделять ответственность с другими, анализировать результаты деятельности и др.)

За определённое время (от одного урока до 2-3-х месяцев) учащиеся решают познавательную, исследовательскую либо иную задачи. За последнее время реализованы несколько учебных проектов с использованием интерактивной доски. Среди них «Революция и судьба русской культуры», «Культура в эпоху перемен» и другие.

При организации проектной деятельности учащихся широко применяю технологию работы в группах.

Для развития самостоятельности и творческой активности учеников при изучении истории, а также формирования навыка работы в группе я использую изучение в группах различного учебного материала с последующей презентацией и обсуждением. В рамках каждой группы происходит распределение деятельности между участниками проекта в соответствии с возможностями и склонностями каждого. Такие уроки провожу при изучении однородного исторического материала, например, по теме «Политические партии в России в начале XX века», «Боевые действия на восточном фронте в ходе Первой мировой войны (1914г., 1915 г., 1916г.)».

Так изучаем вопросы культуры, группы исследуют отдельные её направления: литературу, живопись, скульптуру и т.п. заранее готовлю листы с заданиями для каждой группы, которые затем выполняют эти задания (на уроке, вне его) с помощью компьютерного учебника и готовят выступление по результатам проделанной работы.

В обучении обращаю внимание на требования, основанные на видах деятельности, соответствующих психолого-возрастным особенностям и склонностям учащихся на ступени основного, среднего (полного) общего образования. Стараюсь осуществлять дифференцированный подход к каждому ребенку, стремлюсь помочь развить личность ученика с учетом его склонностей, способностей и интересов. Это позволяет построить индивидуальную образовательную траекторию отдельного ученика, осуществить личностно-ориентированный подход к обучению.

Использование инновационных технологий позволило мне повысить мотивацию детей к изучению истории и обществознания, усилить наглядность преподавания и активизировать деятельность детей на уроках. Современные приемы и методы работы на уроках истории и обществознания способствуют тому, что из школы выходят выпускники, которые понимают и критически осмысливают общественные процессы и ситуации.

МАЗМҰНЫ

- *МУРСАЛОВ АЙДАР ӘСКЕРБЕКҰЛЫ*
- *МАКАШЕВА НУРСУЛУ АМАНКЕЛЬДИНОВНА.*
- *ЕРЕСКУЛОВА МАРЖАН САДУАҚАСҚЫЗЫ*
- *ЖАНБЕКОВА АҚМАРАЛ ДОСЫМХАНОВНА*
- *САЙДАЗОВА ДИЛРАБА РУСТАМОВНА*
- *МЕНКЕЕВА АНАР КУДАГЕЛДЫЕВНА*
- *БЕСЖАНОВА КУНИМАЙ ТАБЫНБАЕВНА*
- *ӨТЕГЕН САМАЛ ҚАРШЫҒАҚЫЗЫ*
- *МАХУОВА ГУЛФАЙРУЗ ЕРБОЛАТОВНА*
- *АСАНХАНОВА ЗАУРЕШ АМАНЖОЛОВНА*